

Мақтаарал аудандық сотына.

Талап қоюшы: «Атакент Агро-2018» АӨК-і, БИН: 180140023883, р/с KZ676017291000001583, БИК: HSBKKZKX, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ы, 11.08.1956 жылы туылған, ЖСН № [REDACTED], [REDACTED] басшылығында, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, [REDACTED], тұрғыны.
Эл. адрес: [REDACTED]

Жауапкер: [REDACTED], 04.04.1964 жылы туылған, ЖСН № 040464147163, Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, [REDACTED] ауылы, [REDACTED]-үй тұрғыны.

ТАЛАП ҚОЮ АРЫЗЫ (Қарыз ақшаны өндіру туралы)

Жауапкер, [REDACTED], талап қоюшы «Атакент Агро-2018» АӨК-нен, 30.12.2021 жылғы № 169 - шығыс кассалық ордерімен, 7 000 000 (жеті миллион) теңге, 28.09.2022 жылғы шығыс кассалық ордерімен 1 000 000 (бір миллион) теңге және 01.10.2022 жылғы шығыс кассалық ордерімен 1 000 000 (бір миллион) теңге жалпы 9 000 000 (тоғыз миллион) теңгені, 2022 жылдың өнімі есебінен қайтарып беретін болып келісіп алған.

Жауапкер алған қаражатты толық төлемей, 2022 жылғы өнімнің табысынан 4 479 000 (төрт миллион төрт жүз жетпіс тоғыз мың) теңгесін талап қоюшы «Атакент Агро-2018» АӨК-іне қайтарған.

Бүгінгі күнде жауапкердің «Атакент Агро-2018» АӨК-інің алдындағы қалған қарызы 4 521 000 (төрт миллион бес жүз жиырма бір мың) теңгені құрайды.

Жауапкерге «Атакент Агро-2018» АӨК-і 26.03.2024 жылы «Қазпошта» байланысы арқылы, 4 521 000 (төрт миллион бес жүз жиырма бір мың) теңгені он күн ішінде, ескерту хатты алған күннен бастап қайтаруын сұрап, қайтармаған жағдайда сотқа арызданатыны туралы ескертпе хат жолдаған. Жауапкер ескерту хатты 28.03.2022 жылы қабылдап алғандығы туралы Хабарламаға қол қойған.

Алайда жауапкер бүгінгі күнге дейін қарыз ақшаны қайтармай келеді. Талап қоюшы бірнеше рет жауапкерге қарыз ақшаны қайтаруын сұрап барған. Алайда жауапкер қарыз ақшаны қайтаруға уәде беретіндігін, бірақ оған уақыт керектігін айтып келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 268-бабында көрсетілгендей, міндеттемеге сәйкес бір адам (борышкер) басқа адамның (кредитордың) пайдасына мүлік беру, жұмыс орындау, ақша төлеу және тағы да сол сияқты белгілі бір әрекеттер жасауға не белгілі бір әрекет жасаудан тартынуға міндетті, ал кредитордың борышкерден өз міндеттерін орындауын

талап етуге құқығы бар. Кредитор борышкерден атқарылғанды қабылдауға міндетті.

Осы кодекстің 272, 273 - баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Талап қоюшы жауапкерден қарыз ақшаны өндіріп алу үшін, білікті заң көмегіне жүгініп, адвокаттың қалам ақысы ретінде 220 000 (екі жүз жиырма мың) теңге қаражат жұмсаған.

Талап қою арызына тіркелген төлем түбіртектерінен талап қоюшы мемлекеттік баж төлеуге, адвокаттың еңбегіне ақы төлеуге қаражаттар жұмсағаны дәлелденеді.

Қазақстан Республикасы АПК-ің 109-быбы 1-бөлігінің талабына сәйкес, сот, өзінің пайдасына шешім шығарылған тарапқа іс бойынша жұмсалған барлық сот шығыстарын басқа тараптан алып береді.

Осы баяндалған мән жайлардың негізінде және де, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 268, 270, 272, 273, 276 - баптарын басшылыққа алып соттан

с ұ р а й м ы н:

Жауапкер [redacted], «Атакент Агро-2018» АӨК-і, БИН: 180140023883, р/с KZ676017291000001583, БИК: HSBKKZKX, «Қазақстан халық банкі» АҚ-ы пайдасына, 4 521 000 (төрт миллион бес жүз жиырма бір мың) теңгені, 135 630 (жүз отыз бес мың алты жүз отыз) теңге баж салығын және адвокаттың еңбегіне төленген 220 000 (екі жүз жиырма мың) теңгені өндіруді.

Тіркелетін құжаттар. 1. «Атакент Агро-2018» АӨК-ің тіркеу куәлігі. 2. 30.12.2021 жылғы № 169 - шығыс кассалық ордері, 28.09.2022 жылғы шығыс кассалық ордері, 01.10.2022 жылғы шығыс кассалық ордері көшірмелері. 3. 26.03.2024 жылғы Ескерту хаты және Хабарлама көшірмесі. 5. Баж салығы төленген түбіртек. 6. Заңгерлік көмек көрсету туралы келісім шарт және төлем түбіртегі. 7. Сенімхат және Қорғау (Өкілдік ету) туралы хабарлама.

Қолы:

